



Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Отандық кәсіпкерлер кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 7 ақпандағы № 24-ө өкімі.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес:

1. Осы өкімге 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Отандық кәсіпкерлер кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.

2. Осы өкімге 2-қосымшаға сәйкес Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 7 ақпандағы
№ 24-ө өкіміне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Отандық кәсіпкерлер кеңесінің құрамы

Ескерту. Құрам жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2022 № 112-ө өкімімен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; ҚР Премьер-Министрінің 19.10.2023 № 162-ө; 05.03.2024 № 27-ө; 19.11.2025 № 981 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі, хатшы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының Көлік министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (келісу бойынша)

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісу бойынша)

"Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Агроөнеркәсіптік кешен комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Адами капиталды және бизнестің әлеуметтік саясатын дамыту комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім және инновациялар комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Геология саласы, тау-кен, көмір өндіру және металлургия өнеркәсібі комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Қаржы секторы комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Логистика және тасымалдау комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Машина жасау және металл өңдеу комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Өзін-өзі басқаруды дамыту комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Өңдеу өнеркәсібі комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Сауда комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Тамақ өнеркәсібі комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Туристік сала комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Фармацевтикалық, медициналық өнеркәсіп және медициналық қызметтер комитетінің
төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Шағын және орта бизнесті дамыту комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Экология комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқасы
Энергетика комитетінің төрағасы (келісу бойынша)

Freedom Holding Corp инвестициялық тобының мажоритарлық акционері (келісу
бойынша)

"Alina Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу
бойынша)

"Олжа Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісу
бойынша)

"Caravan Resources" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Директорлар кеңесінің
төрағасы (келісу бойынша)

"Alageum Electric" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің төрағасы (келісу
бойынша)

"Engineering Services" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу
бойынша)

"КАТЭК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісу бойынша)

"DALA-FRUIT.KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу
бойынша)

"1bilim.kz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу
бойынша)

"Медсервис Плюс" қазақ фармацевтикалық компаниясы" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры (келісу бойынша)

"QCC" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарушы директоры (келісу бойынша)

"AUDACIA Express" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісу бойынша)

"АқсуҚант" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу бойынша)

"EPG Education" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісу бойынша)

"ПИК ЮТАРИЯ ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісу бойынша)

"SmartNet" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісу бойынша)

"Бірінші кредиттік бюро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры (келісу бойынша)

"THE BOSS MEDIA GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісу бойынша)

"Kazecotech" ғылыми-техникалық кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 7 ақпандағы
№ 24-ө өкіміне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Отандық кәсіпкерлер кеңесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Отандық кәсіпкерлер кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

4. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей өткізіледі.

5. Жұмыс органы айқындалған күн тәртібін ескере отырып, Кеңес отырысына оның мүшелерін және кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдерін (келісу бойынша) шақырады.

2-тарау. Кеңестің негізгі міндеттері

6. Кеңестің міндеттері:

1) мына:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы;

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері бойынша заңнамасын жетілдіру;

нарықтық экономиканы дамытуды және ел экономикасына отандық инвестициялар тартуды ынталандыратын жағдайлар жасау;

іскерлік және инвестициялық ахуалды бағалау және жақсарту мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар тұжырымдау;

2) кәсіпкерлік және инвестициялық саясат саласындағы өзге де мәселелерді қарау және талқылау болып табылады.

3-тарау. Кеңес қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Кеңес қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 19.10.2023 № 162-ө өкімімен.